

Қала іргесін қаласқан азаматтың аты көшеге берілсе

Торғай өңірі, Аралбай ауылының тумасы Ғалымжан Шалдыбаевтың ең бірінші Арқалық қаласының іргесін қалағанын біреу білсе, біреу білмейді.

Ол кісі 1915 жылы дүниеге келген. Үлкен атасы Есберген дәулетті, аймаққа белгілі, сыйлы адам болыпты. 1901 жылы қажылыққа барып, меккеден келгесін Аралбай төңірегінде мешіт салдырған.

Кейіпкеріміздің Тарғын атасы да елге белгілі қадірлі кісі болған. Ғалымжан бала кезінде атасы Есберген аштырған мешітте молдадан оқыған. 1929 жылы Тарғын атаны кеңес өкіметінің кәмпеске саясатына қарсы шықты, Батпаққара көтерілісіне қатысы бар деп айыптап, түрмеге жабады. Соның зардабынан 1931 жылы Тарғын ата қайтыс болады. 1931 жылы Қазақстанда ашаршылық басталды, Тарғынның інісі Тарғынбек басқарып, өздерінің әулетінен 40 шақты кісі жиналып, елден Ресей қалаларына қа-



рай ауады. Ортасында 16 жасар Ғалымжан әкеміз болды. Орск қаласына жеткен кезде Ғалымжан ағасы Тарғынбек екеуі ғана тірі қалады. Жан сақтау үшін Тарғынбек Ғалымжан інісін Орск қаласы маңында тұратын татар дүкеншіге 2 дорба астық тарыға жалшылыққа сатып кеткен екен. Тарғынбек ағасы 2 жылдан соң қайтып келіп, әкемізді бірге ертіп, сол маңайда елден қашып тіршілік жасап жүрген туыстармен бірігіп, 2-3 жыл солармен бірге болады. 18 жас шамасы Ғалымжан әкеміз өзі талпынып, Орск қаласындағы құрылыс технику-

мына оқуға түседі. Техникумның 2-ші курсына оқып жүргенде Торғайлық бір кісі Ғалымжанды танып, бұл әйгілі Тарғынның баласы, қой терісін жамылған қасқыр деп техникум басшыларына жеткізеді, осыдан кейін техникумнан қашуға мәжбүр болады. Бірнеше жыл жалғыз бөтен қалада қиындық, зорлық - зомбылық көреді. Сол кезде ебін тауып өзінің Есбергенов фамилиясын өзгертіп, құжатын Шалдыбаевқа ауыстырып алған. Содан кейін Челябинск қаласына келіп, 1938 жылы әскери училищеге түседі. 1939 жылы Орыс - Фин, 1941-44 жылы Совет

- Герман, 1945 Совет - Жапон соғыстарына қатысады. 1941-1944 ж.ж. соғысында мото атқыштар ротасының командирі болған. Соғыс аяқталғасын Порт Артур қаласында комендатурада қызмет атқарады. 1948 жылы аға лейтенант шенінде «Қызылжұлдыз», «Қызыл ту» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталып, әскер қатарынан шығып, Қазақстанға келген. Атбасар қаласында анамыз кездесіп, үйленеді. Есіл өзені үстіне салынған көпір жұмысына басшылық жасап, басқа да ауқымды істердің басы-қасында жүреді. 1950 жылы Сәтбаев ұйымдастырған геология барлау экспедициясының құрамында құрылыс басшысы дәрежесінде күрделі құрылыс бөлімшесін Атбасардан Қызылқозыға бастап келеді. Әрқашан да бірінші болу қиын да қызықты дүние. 250 шақырымды 10 күнде жүріп өтіп, білекті сыбанып, істі бастап кетті. Әкеміз Арқалық қаласының гүлденіп өркендеуіне зор үлесін қосты. Әкеміздің басшылығымен қала аумағында Ашутасты су қоймасы, су тазалау құрылыстары, өнеркәсіп нысандары,

кинотеатр, мәдениет сарайлары, тұрғын үйлер салынған еді. Ол трест Торғай алюминстрой КЖБИ директоры, сол трестің басқарма орынбасары, Торғай боксит басқарма руднигінің бас технодзоры қызметтерін атқарған.

Әкеміз анам екеуі бес бала тәрбиелеп өсірді, ұрпақтары еліміздің әр аймағында өмір сүруде. Әкеміз 1992 жылы Арқалық қаласында дүниеден өтті. Өткенді ұмытпайық, ұлыларды ұлықтайық деп, кейінгі жас буынға үлгі болсын деген ниетпен осы мақаланы жазып отырмын.

Бүгінде қала мен қалаға қарасты елді мекендердің көшелеріне берілген қаламызға қатысы жоқ атауларды көргенде көңілге кірбің түседі. Сол көшелердің орнына ұлтымыздың ұлы тұлғаларының есімдерін қойсақ нұр үстіне нұр болар еді. Сәйкесінше Ғалымжан Тарғынұлының есімі де бір көшеге лайықты сұранып тұр емес пе? Ырысбек Дәбейдің әкемізге арнап жазған жылқы атылған жаз кітабы жарық көрген және 1970 жылы Торғай телерадиосына әкеміздің берген сұхбаты бар.

Серік БАЛТАБЕКҰЛЫ